

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 және 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1359 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 47, 587-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген бөлімде:

"Қаржыландыру көлемі мен көздері" деген жолдың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен барлығы 994599,9 млн. теңге сомасында қаражат талап етіледі, оның ішінде республикалық бюджеттен:

2005 жылы - 276230,5 млн. теңге;

2006 жылы - 341203,4 млн. теңге;

2007 жылы - 363736,9 млн. теңге;

жергілікті бюджеттен:

2006 жылы - 6519,0 млн. теңге;

2007 жылы - 6910,1 млн. теңге."

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі" деген III бөлімде:

"Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру" деген 3.1-кіші бөлімнің оныншы абзацындағы "зейнетақылар мен жәрдемақылардың және басқа да әлеуметтік төлемдердің ең төмен мөлшерін" деген сөздер "мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру" деген 3.2-кіші бөлімде:

"Әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі деңгейі" деген 3.2.1-тарауда:

"- жерлеуге арналған мемлекеттік жәрдемақы (тек негізгі әлеуметтік төлемдер алушылар үшін)." деген алтыншы абзац алынып тасталсын;

тоғызыншы абзацтағы "2006 жылдан" деген сөздер "2005 жылғы 1 маусымнан" деген сөздермен ауыстырылсын;

о н ы н ш ы а б з а ц т а :

"2006" деген сандар "2005" деген сандармен ауыстырылсын;
"күнкөріс минимумының (КМ) 20%-тен 25%-ке дейінгі" деген сөздер "3000 теңге"
деген сөздермен ауыстырылсын;

"Негізгі әлеуметтік қатерлерді әлеуметтік сақтандыруды дамыту (қарттықтың басталуы, еңбек ету қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу)
" деген 3 . 2 . 2 - т а р а у д а :

"А" тармағының "- міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ең көп табыстың мөлшерін ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен алпыс еселенген мөлшеріне дейін азайту" деген тоғызыншы абзацы алынып тасталсын;

"Әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру" деген 3.2.3-кіші бөлімде:

"А" тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"А. Балалы отбасыларға бала тууына байланысты берілетін біржолғы жәрдемақы
т ө л е м і н е қ о с ы м ш а :

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап - жан басына шаққандағы орташа кірісі азық-түлік себетінің құнынан төмен, аз қамтылған отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға
а р н а л ғ а н ж ә р д е м а қ ы ;

2006 жылғы 1 шілдеден бастап - отбасының кірісіне қарамастан, бала бір жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жәрдемақы төленетін болады. Жәрдемақы мөлшері балалардың санына қарай сараланып белгіленетін болады.";

"В" тармағының "- әлеуметтік көмектің әр алуан түрін алуға үміткер адамдар үшін жиынтық табысты есептеудің бірыңғай әдістемесі әзірленетін (тұрғын үй көмегі, АӘК, 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысы);" деген үшінші абзацы алынып тасталсын;

"Г" тармағы "жәрдемақы" деген сөзден кейін "және жерасты әрі ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері" деген IV бөлімнің екінші абзацы
мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен барлығы 994599,9 млн. теңге сомасында қаражат талап етіледі, оның ішінде республикалық бюджеттен:

2005	жылы	-	276230,5	млн.	теңге;
2006	жылы	-	341203,4	млн.	теңге;
2007	жылы	-	363736,9	млн.	теңге,

жергілікті бюджеттен:

2006	жылы	-	6519,0	млн.	теңге;
2007	жылы	-	6910,1	млн.	теңге."

"Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі терендетудің 2005-

2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары"

д е г е н

V I

б ө л і м д е :

"2. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру" деген бөлімде:

"2.1. Әлеуметтік қамсыздандырудың базалық деңгейі" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2.1.1-жолдың 6-бағанындағы "2005 ж. - 13128,7; 2006 ж. - 44372,1; 2007 ж. - 55508,6" деген сандар "2005 ж. - 82483,0; 2006 ж. - 121371,2; 2007 ж. - 126636,7" деген сандармен ауыстырылсын;

"2.2. Негізгі әлеуметтік тәуекелдерді сақтандыруды дамыту" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2.2.1-жолдың 6-бағанындағы "2005 ж. - 9490,0; 2006 ж. - 15933,7; 2007 ж. - 19016,7" деген сандар "2005 ж. - 180050,6; 2006 ж. - 193348,2; 2007 ж. - 199757,5" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.2.2-жолдың 2-бағанындағы "- міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ең жоғары табыстың мөлшерін азайту бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 2.2.5-жолдың 6-бағанындағы "Бөлінетін қаражат шегінде" деген сөздер "2006 ж. - 250,0; 2007 ж. - 249,8" деген сандармен ауыстырылсын;

"2.3. Әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2.3.1 -жолдың 6-бағанында:

"2007 ж. - 15291,0" деген сандар "2006 ж. - 6339,7; 2007 ж. - 14335,8" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бөлінетін қаражат шегінде (атаулы әлеуметтік көмекке арналған қаражатты азайту есебінен)" деген сөздер "2006 ж. - 6519,0; 2007 ж. - 6910,1" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.3.3-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 2.3.6 - жолда:

2-баған "мүгедектері" деген сөзден кейін ", кәмелетке толмаған, бірге тұратын 4 немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасылар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен немесе I және II дәрежелі "Ана даңқы" орденімен марапатталған аналар" деген сөздермен, "жәрдемақылардың мөлшерін" деген сөздерден кейін "2006 жылғы 1 қаңтардан бастап 4000 теңгеге дейін" деген сөздермен толықтырылсын;

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"2005 жылғы I тоқсан, 2006 жылғы I тоқсан";

6-бағандағы "2005 ж. - 2791,1; 2006 ж. - 2338,4; 2007 ж. - 1854,6" деген сандар "2005 ж. - 12582,3; 2006 ж. - 19891,4; 2007 ж. - 20716,9" деген сандармен ауыстырылсын;

"4. Әлеуметтік қызметтер жүйесін жетілдіру" деген бөлімде:

4.2-кіші бөлімдегі 4-бағандағы "МСА" деген аббревиатура "Қаржымині" деген сөзбен ауыстырылсын;

"6. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін басқаруды жетілдіру" деген бөлімде:

"6.3. Кадрмен қамтамасыз ету" деген кіші бөлімде:
реттік нөмірі 6.3.2-жолдың 6-бағанындағы "2006 ж. - 5,3;
2007 ж. - 5,6" деген сандар "2006 ж. - 2,9; 2007 ж. - 3,1" деген сандармен ауыстырылсын
;

ескертпенің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік бюджеттен барлығы - 994599,9 млн. теңге қаражат талап етіледі,
оның ішінде республикалық бюджеттен:
2005 жылы - 276230,5 млн. теңге;
2006 жылы - 341203,4 млн. теңге;
2007 жылы - 363736,9 млн. теңге,
жергілікті бюджеттен:
2006 жылы - 6519,0 млн. теңге;
2007 жылы - 6910,1 млн. теңге.";

2) "Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-
2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1359 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жинақтаушы
зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:

"Қаржыландыру көлемі мен көздері" деген абзацта:

"35688" деген сандар "35,7" деген сандармен ауыстырылсын;

"182500" деген сандар "182,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

"35688" деген сандар "35,7" деген сандармен ауыстырылсын;

"182500" деген сандар "182,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың 2005-
2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары"
деген 8-бөлімнің кестесінде:

реттік нөмірі 1-жолдың 5-бағанындағы "2-тоқсан" деген сөздер "4-тоқсан" деген
сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдың 6-бағанындағы "35688", "182500" деген сандар тиісінше "
35,7", "182,5" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 12-жолдың 5-бағанындағы "3" деген сан "4" деген санмен
ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК